

Павлодар облысының Тереңкөл ауданы Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлеріне жер салығының базалық мөлшерлемелерін және бірыңғай жер салығының мөлшерлемелерін арттыру туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы Тереңкөл аудандық мәслихатының 2019 жылғы 15 тамыздағы № 3/48 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 23 тамызда № 6511 болып тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Тереңкөл аудандық мәслихатының 2022 жылғы 18 тамыздағы № 3/24 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Тереңкөл аудандық мәслихатының 18.08.2022 № 3/24 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Кодексінің 509-бабының 5-тармағына, 704-бабының 3-тармағына, Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Кодексінің қолданасқа енгізу туралы" Заңының 50-бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 1-тармағы 13) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 46-бабына сәйкес, Тереңкөл аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Павлодар облысының Тереңкөл ауданы Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлеріне жер салығының базалық мөлшерлемелері 10 (он) есеге арттырылсын.

2. Павлодар облысының Тереңкөл ауданы Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлеріне бірыңғай жер салығының мөлшерлемелері 10 (он) есеге арттырылсын.

3. Качир аудандық мәслихатының 2016 жылғы 7 шілдедегі "Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес Павлодар облысы Качир ауданының пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының мөлшерлемесін және бірыңғай жер салығының мөлшерлемесін жоғарылату

туралы" № 3/5 шешімінің (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5189 болып тіркелген, 2016 жылғы 04 тамыздағы "Тереңкөл тынысы", "Заря" газеттерінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылау Тереңкөл аудандық мәслихаттың аграрлық мәселелер жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

5. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі, осы шешімнің 2-тармағы 2020 жылғы 1 қаңтарға дейін қолданыста болады.

Сессия төрағасы
Мәслихат хатшысы

Р. Габидулин
С. Баяндинов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК